

Ниетуллаева Ғ.Н., 2 курс студенті (Қарағанды Бөкетов университеті), Мухамбетжанқызы А., 1 курс, (С. Сейфуллин атындағы аграрлық-техникалық университеті)
Ғылыми жетекші – Э.Ғ.М., ағы оқытушы Садуақасова М.Б.

ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСЕПТЕУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Еңбекқақы еліміздің басым көпшілігі үшін негізгі табыс көзі болып саналады.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес «жалақы – жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер»[1].

Қолға алатын еңбекақы мен есептелген еңбекақы бір біріне тең емес. Жеке тұлғаның қолға алатын еңбекақысы ұсталымдар мөлшеріне азайтылады. Еңбекақыдан ұсталымдарға міндетті зейнетақы қорына аударымдар, жеке табыс салығы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар, атқарушы қағаз бойынша ұсталымдар, кәсіподақ жарналары, сонымен қатар қызметкердің өтініші бойынша басқада ұсталымдар болуы мүмкін. Еңбекақыдан ұсталымдардың мөлшері 50 пайыздан аспау керек.

Еңбекақыдан жеке табыс салығын қарастырайық.

Жеке табыс салығы (ЖТС)— жеке тұлғалардың кірістерінен алынатын Қазақстанның салық заңнамасы жүйесіндегі тікелей салықтардың бір түрі. Мұндай салық әлемнің барлық салық жүйелерінде бар. Салық салудың ең көп таралған объектісі — жеке тұлғаның жалақысы және жеке кәсіпкердің кірісі.

ҚР Салық кодексінің 316-бабының 3-тармағына сәйкес арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкер бірыңғай жер салығын төлеу негізінде салықтан босатылады [2].

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап ставка біріздендірілді, яғни ол табыстың барлық түрлері үшін бірыңғай болды, бүгін ЖТС ставкасы 10% құрайды.

Елімізде жеке табыс салығын есептеу үшін табысты анықтап аламыз да, салық салуға жатпайтын кірісті шегереміз(ҚР СК 342-бабымен реттеледі). Стандартты шегерімді (14 АЕК, яғни 51688 теңгені), сондай ақ зейнетақы аударымдары (МЗЖ) және медициналық сақтандыру бойынша шегерімдерді, заңда көзделген өзге де шегерімдерді (мысалы, егер салық төлеуші мүгедек баланың ата-анасы немесе соғыс ардагері болса, 882 АЕК) алып тастаймыз. Өзге де салықтық шегерімдерге: ерікті зейнетақы жарналарына; медицинаға; сыйақылар бойынша жатады. Алынған сомаға біз 10% мөлшерін қолданамыз (яғни 0,1-ге көбейтеміз) [2].

Жеке табыс салығын басқа елдермен салыстыру үшін мәліметтерді 1 кестеге жинақтадық. Кесте 1

Қазақстан республикасындағы жеке табыс салығын өзге елдермен салыстыру

Салыстыру белгісі	Қазақстан	Ресей	Германия
Атауы	Жеке табыс салығы	Жеке тұлғалардың табысынан салық	Табыс салығы (Lohnsteuer)
Салық салу объектісі	1) жеке тұлғаның төлем көзінен салық салынатын кірісі; 2) жеке тұлғаның дербес салық салу кезіндегі салық салынатын кірісі.	1) резидент болып табылатын жеке тұлғалардың ел ішінде де, шетелде де алатын табысы; 2) резидент болып табылмайтын жеке тұлғалар үшін Ресейде алынатын табыс	салық төлеушінің осы елдегі және одан тыс жерлердегі көздерден алған табысы

Ставкасы, %	10	5 млн руб. дейін - 13 15-25 млн руб. – 15 25 млн руб. жоғары - 20	10908 евроға дейін - 0 10909-62810 – 14 62811-277825 – 42 277826 жоғары - 45
Төлеушілер	Жеке тұлғаның төлем көзінен және дербес салық салу кезіндегі салық салынатын кірісі түріндегі салық салу объектілері бар жеке тұлғалар жеке табыс салығын төлеушілер	Азаматтығына қарамастан, барлық салық резиденттері іс жүзінде Ресейде 12 ай ішінде кемінде 183 күн болғандар; резидент емес, бірақ Ресей территориясында табыс табатындардың бәрі	жылына 10908 евро (2023 ж.) сомасынан бастап ақша табатындардың барлығы мемлекетке белгілі бір үлес төлеуі керек.
Шегерімдер	міндетті зейнетақы жарналары, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған жарналар зейнетақы төлемдері және жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша, стандартты салықтық шегерімдер, ерікті зейнетақы жарналары, медицинаға арналған, сыйақылар бойынша	1) азаматтардың жеңілдетілген санаттары (чернобыльдықтар, ҰОС қатысушылары мен мүгедектері, Кеңес Одағы мен Ресейдің батырлары - үміткерлердің толық тізімі РФ СК 218-б. 1, 2, 4 тармақтарда көрсетілген) салықтан босатуға құқылы 3 мың немесе 500 рубль айына; 2) ата - аналардың бірінші және екінші балаға жеке табыс салығын есептеу үшін жалпы кірістен 1,4 мың руб., ал үшінші және одан кейінгі-3 мың руб. шегеруге құқығы бар. Жалғыз басты ата-аналар үшін шегерім екі еселенген мөлшерде жасалады. Осы санаттағы мүгедек балалардың ата-аналарынан ең көп шегерім - 12 мың рубль	балаларды және жұмыс істемейтін жұбайларды медициналық сақтандыру, тұрмысы төмен туыстарын қолдау, ақылы білім алуға жұмсалатын шығыстардың үштен бірі, баланың немесе салық төлеушінің мүгедектігіне байланысты шығыстар, егер ол мәдени құндылығы бар үйде орналасқан болса, өз тұрғын үйін қалпына келтіруге және жөндеуге жұмсалатын шығыстар, қайырымдылыққа жұмсалатын шығындар, "халықаралық өзара түсіністікке" қаражат бөлу
Есептеу тәртібі	(еңбекақы минус тиесілі шегерімдер)*10%	(еңбекақы минус тиесілі шегерімдер) * 13/15/25%	байланыс сызықтық емес
Ескерту – автормен құрастырылған			

Сонымен, кестеден көріп отырғанымыздай, елімізде ЖТС мөлшері тұрақты 10%. Ресейде салық мөлшері 9%-35% дейін құбылуы мүмкін, және де Ресейде жұмыс істейтін резиденттер емес салық төлеушілер үшін салық мөлшері жоғары, резиденттер 9% салық мөлшері бойынша салық төлеу мүмкіндігі бар. Германияда салық төлеушілерді 6 топқа бөледі, салық мөлшері прогрессивті, бірақ сызықтық емес, тобына байланысты болады. Германияның салық жүйесі бүкіл әлемде ең күрделі және шатастыратын деп танылды.

Сонымен, экономикалық дамудың жоғары деңгейіне қол жеткізу және өз азаматтары үшін әлеуметтік қорғаудың жоғары дәрежесін қамтамасыз ету үшін салықтық жүйені өзгертуге болады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі ҚР Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.// <https://adilet.zan.kz>.

2. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (салық кодексі) ҚР Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ.// <https://adilet.zan.kz>.

3 Бойко А.П. Особенности подоходного налога в Германии // Экономика и социум.- №1,2017- С. 214-217

4 Какие налоги платят физические лица // <https://gos-oplata.ru/articles/vidy-nalogo-fizicheskikh-lic>

Овчаренко И.А., 2 курс (Карагандинский университет Букетова)
Научный руководитель – PhD, ассистент профессора А.К. Атабаева

АНАЛИЗ ФИНАНСОВОГО ПОЛОЖЕНИЯ ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ ЛИКВИДНОСТИ ТОО «КАЗАХМЫС»

Целью учета результатов деятельности является резюмирование данных о формировании итогового показателя в отчетном периоде с помощью достоверного, своевременного и полного отражения полученных доходов и понесенных расходов в ходе совершения хозяйственных операций.

Ключевая цель бухгалтерского учета заключается в формировании полной и достоверной информации о финансовой деятельности в формировании полной и достоверной информации о финансовой деятельности организации. Именно на основе проведенного анализа руководитель организации принимает различные управленческие решения, направленные на повышение эффективности деятельности. В случае предоставления недостоверной информации о финансовых результатах, может существенно ухудшиться работа предприятия.[1;4]

Казахстанские субъекты хозяйствования составляют финансовую отчетность в соответствии с МСФО и Законом «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности». Закон регулирует систему бухгалтерского учета и финансовой отчетности в Республике Казахстан, утверждает принципы, главные качественные характеристики и правила ведения бухгалтерского учета и составления финансовой отчетности, а соответственно и учета финансового результата.[1;2;3;4]

В бухгалтерском учете финансовый результат относится к чистой прибыли или убытку предприятия за определенный период. Он рассчитывается путем вычитания всех расходов из всех доходов, включая любые прибыли или убытки от инвестиций или другой деятельности. В основном финансовый результат отражается в отчете о прибылях и убытках, который является одним из основных финансовых отчетов, используемых в бухгалтерском учете. Отчет о прибылях и убытках показывает полученные доходы, понесенные расходы и результирующую чистую прибыль или убыток за определенный период.